1. Фармакогнозия пәнінің зертханалық-тәжірибелік сабактарына арналған қолданба: оку құралы / Б. Қ. Махатов [ж. б.] ; КР ДСМ; ОҚМФА. –Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.
2. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: фармакогнозия пәні бойынша оку құралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. –Алматы :Эверо, 2014. – 240 бет. С.
3. Кузьменко, А. Н. Стандартизация лекарственного растительного сырья и растительных сборов методами ионо- эксклюзионной и газо- жидкостной хроматографии: монография. - Алматы : Эверо, 2017. - 120 с.
4. Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям:/ И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. И доп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова. –М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013-264

5. Контроль качества и стандартизация лекарственных средств [Текст] : учебное пособие / под ред. Г. В. Раменской. - ; М-во образования и науки РФ. Рек. ФГАУ "Фед. ин-т развития образования". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2018. - 352 с.

6. Газалиев, А. М. Система обеспечения безопасности и качества лекарственных веществ [Текст] : учебник / А. М. Газалиев, С. К. Кабиева, Л. М. Власова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 372 бет.

7. Саякова, Г. М. Фармакогнозия : учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с.

Электронды басылдыымдар

1. Джангозина Д.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты.Фармакогнозия бойынша оку құралы – Алматы: «Эверо»баспасы, 2020. – 240 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

2. Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.Қ. Махатов,Ә.Қ.Патсаев, Қ.Қ. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. –Алматы: Эверо, 2020 — 144 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

3. Джангозина Д.М., Лосева И.В., Ивлева Л.П., Дербуш С.Н.Лекарственные растения, лекарственное растительное сырье и некоторые продукты переработки сырья животного происхождения.Учебное пособие по фармакогнозии. Издание второе, доп. Часть II: Лекарственные растения и лекарственное растительное сырье, содержащие сердечные гликозиды, сапонины, алкалоиды. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. – 194 с.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/746/

4. Джангозина Д.М., Лосева И.В., Ивлева Л.П., Дербуш С.Н.Лекарственные растения, лекарственное растительное сырье и некоторые продукты переработки сырья животного происхождения.Учебное пособие по фармакогнозии. Издание второе, доп. Часть III: Лекарственные растения и лекарственное растительное сырье, содержащие фенольные соединения и их гликозиды; кумарины, хромоны, лигнаны, антраценпроизводные, флавоноиды, дубильные вещества, биологически активные вещества малоизученного состава и лекарственное сырье животного происхождения. –Алматы: издательство «Эверо», 2020. – 220 с.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/748/

5. Гармонов, С. Ю. Контроль качества и стандартизация лекарственных средств и биологически активных соединений : практикум / С. Ю. Гармонов, С. А. Бахтеев, Я. Р. Валитова. — Казань : Издательство КНИТУ, 2022. — 124 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/129139>.

6. Мухамадиев, Р. А. Анализ фитосборов и других лекарственных форм с измельченными и порошкованными растительными компонентами : учебное пособие. — Кемерово : Кемеровская государственная медицинская академия, 2008. — 92 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/6106>

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 1беті
Дәріс кешені	

7. Бакчеева, Р. Ф. Побочные действия и безопасность лекарств. Фармаконадзор : учебное пособие / Р. Ф. Бакчеева. — Самара : РЕАВИЗ, 2009. — 42 с. // Цифровой образовательный ресурс IPK SMART: <https://www.iprbookshop.ru/10132>.

6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):

1. Дәрумендерді биологиялық белсенді қосылыстар ретінде анықтаңыз.
2. Дәрумендердің түпнұсқалығын анықтау әдістері қандай?
3. Дәрумендерді алу әдістерін атаңыз.
4. Дәрумендер" ұғымын биологиялық белсенді заттар тобы ретінде анықтаңыз.
5. Аскорбин қышқылының, каротиноидтардың, К дәруменінің негізгі физика-химиялық қасиеттерін атаңыз.
6. Дәрілік өсімдіктердің пайда болу ерекшеліктері қандай – дәрумендер көзі?
7. Шикізатты сақтау ережелері қандай (сақтау тобы, сақтау шарттары).
8. Дәрумендерді жіктеудің негізгі түрлері қандай?

Дәріс № 4

1. Тақырыбы: Құрамында терпеноидтық және эфир майлары бар қосылыстар бар дәрілік шикізаттарды стандарттау

2. Мақсаты: білім алушыларға фитотерапияда қолданылатын өсімдіктердің терпеноидты қосылыстар мен эфир майлары бар өсімдік шикізаттары мен фитопрепараттарды стандарттау ерекшеліктерімен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

1. «Терпендер» биологиялық белсенді заттар тобы ретінде түсінікке сипаттама беру.
2. Терпендердің физика-химиялық қасиеттері.
3. Терпендер алу әдістері.
4. Құрамында терпеноидтары бар фитопрепараттарды талдау.
5. Препараттардың биологиялық белсенділігі.
6. «Эфир майлары» биологиялық белсенді заттар тобы ретінде түсінікке сипаттама беру.
7. Эфир майларының физика-химиялық қасиеттері.
8. Эфир майларын алу әдістері.
9. Құрамында эфир майлары бар фитопрепараттарды талдау.
10. Препараттардың биологиялық белсенділігі.

Терпеноидтар туралы түсінік, жіктелуі, құрылымы.

Терпеноидтарға құрамы жағынан C_5H_8 (изопрен) фрагментіне еселі қосылыстарды айтады. Бұл табиги қосылыстардың үлкен тобын төмендегідей бөлуге болады: монотерпендер $C_{10}H_{16}$; сесквитерпендер $C_{15}H_{24}$; дитерпендер $C_{20}H_{32}=(C_{10}H_{16})_2$; тритерпендер $C_{30}H_{48}=(C_{10}H_{16})_3$; тетратерпендер $C_{40}H_{64}=(C_{10}H_{16})_4$; политерапендер $(C_{10}H_{16})_n$.

«Жалпы изопренді ережелерде» барлық терпеноидтар изопренді тізбектен тұрады делінген. Терпеноидтардағы изопрен тізбектерінің қосылу тәртібі «жеке изопренді ережелерімен» анықталады. Осындағы жеке ережелердің біріне «гераниол ережелерін» жатқызады мұнда, терпеноидтар молекуласындағы изопренді тізбектер «басы аяғына» типі бойынша гераниолдағы қосылады.

«Гераниол ережесі» тек құрылышы қарапайым терпеноидтарға қолданылады. Құрделі құрылыштарда (каротиноидтарда, стероидтарда және тритерпендерде) молекула ортасындағы изопрен тізбегі «құйрығы құйрығына» типі бойынша жалғасқан.

Изопрен тізбектерінің тұзілуі терпеноидтар биосинтезі үшін үлкен маңызды атқаратын мевалон қышқылы арқылы жүреді. Мевалон қышқылы сірке қышқылының үш молекуласының

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 17беті
Дәріс кешені	

конденсациясы нәтижесінде соңғы сатыларының бірінде метилоксиглутар қышқылының түзілу нәтижесінде түзіледі.

Мевалон қышқылының биосинтезі және мевалон қышқылы негізінде басқа қосылыстардың биосинтезі А коферментімен (КоА·SH) катализденеді; КоА·SH қосылуы, содан кейін аденоцитрифосфор қышқылы (АТФ) қосылуы арқылы белсендерлігендегі фрагменттер түзіледі де фосфор бөліну арқылы (АТФ АДФ АМФ) энергияның көп мөлшерін бөледі.

Терпеноидтарға (изопреноидтарға) өсімдіктерде кездесетін қосылыстардың көптеген тобы жатады, олар: эфир майы (құрамында монотерпиндер мен сесквитерпиндер бар); аңы заттар (негізінен сесквитерпендері лактондар бар); камедьтер мен бальзамдар (дитерпендері бар); жүрек гликозидтері мен стероидты сапониндер (олардың агликондары саналатын стероидтар изопренди тізбектерден мевалон қышқылы арқылы түзіледі); тритерпендері сапониндер (тритерпендер мен олардың гликозидтері); аңы гликозидтер мен иридоидтар (монотерпендер туындылары); каротиноидтар (тетратерпендер туындылары); каучук және гутта (политерапендерге жатады).

Ациклды монотерпендер

Ациклды монотерпендердің құрамындағы бағалы оттекті туындыларына спирттер (гераниол, линалоол, цитронеллол); альдегидтер (цитронеллаль және цитраль) жатады.

Гераниол – екі қос байланыстың орналасуына қарай α-түрі (С-1 және С-6 екі қос байланыстары) және β-түрі (С-2 және С-6 екі қос байланыстары) бар біріншілік спирт. Табиғи гераниол β-формасы басым болып келетін қоспадан тұрады.

Эфир майындағы монотерпендердің циклдық спирттер майлар қатардағы әртүрлі қышқылдары (құмырсқа, сірке, май, изовалериан және т.б.) бар күрделі эфир күйінде кездеседі. Ациклды монотерпендер мен олардың туындыларының құрылышы «оралған» күйінде көрсетілуі мүмкін.

Моноциклды монотерпендер

Моноциклды терпендер екі қос байланысы бар циклдық қосылыстарға, яғни, метилизопропилциклогексан туындылары:

Қос байланыстардың екеуі де сақинада (терпинен типі бойынша) немесе олардың біреуі сақинада, ал екіншісі изопропилды топқа (лимонен типі) байланысқан. Эфир майындағы көмірсуладардан көбірек таралғандарға лимонен, фелландрен, терпинен, ал оттегі құрамдас қосылыстардан – спирттер (терpineол, ментол), кетондар (ментон, карвон, окистер-цинеол) жатады. Моноциклды терпендерді спирттер көбінесе түрлі майлар қышқылдармен эфирлер түзеді. Моноциклды монотерпендердің оттекті туындыларына пиретрин мен цинериннің құрамындағы хризантем қышқылдары жатады.

Бициклды монотерпендер

Бициклды монотерпендерге құрамында екі конденсирленген бейароматтық сақинасы мен бір этиленді байланысы бар қосылыстарды айтады. Көмірсуладардың бұл терпендер тобының төрт қосылыстар типі бар, оларға: карен, пинен, сабинен, камfen. Бұл төрт көмірсулар қосылыстарының жалпы формуласы $C_{10}H_{16}$ олар бір-бірінен кіші циклдың орналасуына қарай немесе басқаша айтқанда «көпірдің» орналасу жағдайына ажыратылады. Бициклды терпендердегі оттегі туындылары әр түрлілігімен ерекшеленеді. Спирттерден сабинол, туйол, борнеол, миртенол, кетондардан – камфора, фенхон, туйондарды атауға болады.

Сесквитерпендер

Эфир майында сесквитерпендер монотерпендер сияқты ациклды және циклды болуы мүмкін. Ациклды сесквитерпендер 4-қос байланыстары бар майлар қатардағы қанықлаған қосылыстар. Олардың құрылышы ұзын немесе түйік бицикл ретінде бейнелеуге болады.

Ациклды сесквитерпендердің құрушуының геранилпирофосфат болып табылады. Егер геранилпирофосфаттың реакцияға қабілетті аллил тобы изопентилпирофосфаттың молекуласындағы қос байланысты атқылағанда ондағы алифатты тізбек тағы бір изопренди қалдыққа ұзарады да фарнезилпирофосфат одан әрі фарнезол түзіледі. Барлық сесквитерпендердің

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 18беті
Дәріс кешені	

курушылары болып фарнезен және оның оттекті туындылары саналады (1 үлгі). Моноциклды сесквiterпендердің циклизациясы басқа үлгі бойынша бес және алты мүшелі сақина құрып (акоран типі) немесе бес және жеті мүшелі конденсиленген сақина (гвайан типті) құрып жүре алады. Акоран туындылары иірдің эфир майынан табылған. Азулен деп аталатын жоғары қанықлаған гвайанолидтер көптеген өсімдіктердің өсіреле, күрделігүлділер тұқымдастының эфир майына тән. Ауа мен жарықтың өсерінен азулендер тотығады; қос байланыстар ажырап олардың түсі сарыдан қоңырға дейін өзгереді.

Үшциклды сесквiterпендер 3 конденсиленген сақинасы бар қосылыстар, жиі жағдайда азулен бициклды құйде болады. Бұлар әукалиптердің эфир майында (аромадендрен), қарағайдың кейбір түрлерінде (гераболен) және т.б. табылған.

Ароматты қосылыстар

Эфир майының ароматты қосылыстарынан олардың оттекті туындылары кездеседі. Ароматтық көмірсулардан жиі кездесетіндерге n-цимолды жатқызуға болады. Оттекті қосылыстардан негізгілері: құрамындағы гидроксил тобы тікелей ароматты сақинамен байланысқан фенолдар; ароматты спирттер – бүйір тізбегінде гидроксил тобы бар қосылыстар. Фенолдардың суда еритін феноляттар түзу қабілеті эфир майын талдауда және олардан фенол компоненттерін таза құйде бөліп алу кезінде кең қолданылады. Ароматтық спирттерде метил радикалындағы C-1 байланысында гидроксил тобы болуы мүмкін, бірақ ол көбіне C-4 байланысында болады. Құрылысындағы гидроксил тобының санына байланысты толық немесе жартылай этирификацияланған күрделілігі жағынан әр түрлі эфирлер түзіледі. Кейбір қосылыстарда эфир топтарымен қатар альдегидті және кетонды топтар да бола береді. Эфир майында ароматтық спирттерден бензилды, анисты, фенилпропилды спирттер табылған. Фенолдар мен фенолды эфирлерден тимол, карвакрол, анетол, метилхавикол, эвгенол және басқа қосылыстар бар. Ароматты альдегидтерден кездесетіндер: бензальдегид, анисты альдегид, ванилин және басқалары, сонымен қатар ароматтық кетондар (анискетон).

Шайрлар – өсімдік текстес табиғи заттар. Эфир майы тәрізді түрлі органикалық, көбінесе ісі бар қосылыстардың күрделі қоспаларынан тұрады. Әдетте өсімдіктен шайрлар әр түрлі қосылыстармен бірге эфир майларымен, шайырлармен, стериндер, кейде каучукпен, иілік заттармен және басқа да қосылыстармен бірге бөлінеді. Өзінің алғашқы құрылысына қарай фармацияда қолданылып жүрген табиғи шайырлар негізгі үш топқа бөлінеді: табиғи шайырлар – Resina; майлы-шайырлар немесе бальзамдар – Olea-resina немесе Balsama. Бұлар сүйық шайырлар, эфир майындағы шайырдың кәдімгі ерітінділері; шайырлар – Gummi-resina. Эфир майындағы шайырлар мен шайрдың сүйық (тірі өсімдіктердегі) қоспа ерітінділері. Ілеспелі заттар мен қоспалардан тазартылғаннан кейін де шайрлар сол күйінде жоғары молекулалы заттардың күрделі қоспасы болып табылады.

Нағыз шайрларға спецификалық қосылыстардың үш тобы кіреді:

1. Резендер. Бұл қосылыстар дитерпенді типті (мысалы, қылқандылардың шайырларындағы пимарадиен) көмірсутектер. Химиялық қасиеті жағынан резендер өте тұрақты заттар, олар қышқылдар мен сіltілердің өсеріне тұрақты. Кейбір шайрларда резендер 70% (янтарь) және 95% (шайрлар) құрайды. Резендерді оттегі кем заттарға жатқызады.

2. Резинолды немесе шайрлы қышқылдар. Бұлар нағыз дитерпендер ($C_{20}H_{32}$) және олардың карбоксилды туындылары ($C_{20}H_{30}O_2$). Олар айқын қышқылдық қасиет көрсетеді және жақсы кристалданатын тұздар түзеді. Шайр қышқылдары шайырларда көбінесе бос күйінде кездеседі. Көптеген шайрларда, мысалы, қылқандылардың живицаларында шайыр қышқылдары негізгі құрамды бөлігін құрайды. Шайр қышқылдары нафталиннің (копал шайрлардағы агат қышқылы) және фенантреннің (қылқандар шайрларындағы абietин қышқылы) туындылары. Дегенмен, кейбір шайрлар үлкен молекулалық салмақтағы және ядроның 2-3 сақинадан жоғары сақинасы бар шайр қышқылдары табылған.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()
Дәріс кешені	49 беттің 19беті

3. Резинолдар немесе шайрлы спирттер. Бір немесе бірнешегидроксил топтары бар қосылыстар. Шайрлы спирттер шайырда бос күйінде, кейде эфир формасында кездеседі. Шайрлардағы спирттерге дитерпенді циклдық спирттер (кафестол) және α- және β-амирин типті тритерпенді спирттер, лупеол және басқа да 30 көміртегі атомы бар қосылыстар болып табылды.

Шайрлы спирттерге резинолдардан басқа резитаннолдар немесе таннолдар жатады. Резинолдармен салыстырғанда таннолдар илік заттардың қасиетін көрсетеді және темір хлоридімен түсті реакциялар береді. Бұл түсті реакциялардың (сары және қызыл түс үнемі басым) татымды ісі болады.

Өсімдікте шайрдың түзілу үрдісі әлі толық анықталмаса да олардың терпеноид текстес заттардан түзілетіні күдіксіз. Шайрлардың эфир майларымен байланыстылығын көптеген эфир майларының ауадағы оттегінің және басқа да факторлардың әсерінен біртіндеп шайрланып шайрға ұқсайтын заттарға айналатындығына қарап айтуға да болады.

Шайрлар көптеген өсімдіктерге тән. Өсіресе, тропикалық өсімдіктер тұқымдастары Шайрларға бай келеді. Өсімдіктердегі шайрлардың маңызы эфир майларымен бірдей.

Шайрлар (бальзамдар немесе шайырлар түрінде) өсімдіктің әр түрлі бөліктеріндегі, яғни тамырларындағы, сабактарындағы, тұқымдарындағы, жапырақтарындағы және өзегіндегі сүт жолдарында, ерекше өсінділерінде, томпақ ісінділерде, ұяшықтарда орналасады.

Кейде өсімдіктің қабығы астындағы бальзамдар мен шайырлар өз бетінше өсімдіктің бетіне бөлініп шығады. Дегенмен, көбінесе қабықтағы жасанды жолмен немесе қабықтың табиғи зақымдалуынан болған жарықтардан бальзам көбірек агады. Бұл шайрлардың биологиялық маңыздылығына байланысты, себебі шайр пленкалары жарақатты жазатын қабілетке ие.

Шайрлар көбінесе суда ерімейді (аzdap еритін шайырларынан басқасы); шайрлар салыстырмалы түрде эфирде, ацетонда, бензолда, хлороформда, дихлорэтанда жақсы ериді (органикалық еріткіштерде аzdap еритін шайырлы-смолаларынан басқасы); кейбір шайрлар сілтілерде онай ериді. Жаққанда олар ыс бөліп жанады.

Шайрлардың халық шаруашылығындағы маңызы зор. Негізгі физикалық және химиялық қасиеттері (суда тұрақтылығы, органикалық еріткіштердегі ерігіштігі, тұтқырлығы қышқылдық шайрлардың сабын беретін қабілеті) олардың кеңінен колданылуына негіз бола алады.

Фармацияда шайрлардың физика-химиялық қасиеттерін жабысқақ пластырылар дайындауда қолданады. Кейбір шайрлы қышқылдардың тұздары жақсы эмульгатор ретінде қолданылады. Кейбір шайрлардың ерекше емдік қасиеті (іш жүргізетін, тыныштандыратын және т.б.) анықталған.

Шайрлар өсіресе пластмасса, бояу, қағаз және сабын өндірісінде кеңінен қолданылады. Техника өндірісінде шайрлар түрлі бұйымдардың, сонымен бірге медицинада қолданылатындардың, сыртын қалтау арқылы қызмет ету мерзімін ұзартуда, ал электрөнеркәсібінде оқшаулайтын материалдар ретінде пайдаланады.

Эфир майлары – ұшқыш органикалық қосылыстардың құраушысы көп қоспасы; тамақ өнімдерінің хош иісін құрайды. Оның құрамында көмірсутектер, өсіресе терпендер, спирттер, фенолдар, альдегидтер, қышқылдар, құрделі эфирлер, сондай-ақ кейбір гетероциклді қосылыстар болады. Эфир майлары көптеген өсімдіктерде кездеседі және олардың бәрінде де эфир майларына тән ерекше ісі болады. Эфир майлары спирт, эфир, бензолда ериді, суда нашар, көбі ыс жузінде ерімейді. Эфир майлары өсімдіктердің 150 – 200-ге жуық түрлерінен алынады. 1500-ден астам эфир майлары зерттелген. Олардан 500-ден аса қосылыстар бөлініп алынды, жеке эфир майлары құрамында 5 – 20 түрлі қосылыстар болады. Эфир майлары өсімдіктердің жапырағы, сабағы, гүлі, тамыры, т.б. органдарында бос күйінде немесе гликозидтер түрінде болады. Олар өсімдіктерден су буымен айдау, төмен температурада қайнайтын еріткіштермен шаймалау және қысу, т.б. әдістер арқылы алынады. Эфир майлары қалыпты температурада мөлдір, онай қозғалатын немесе тұтқыр, түссіз немесе сары, жасыл, қоңыр сұйықтық. Ауада жарық әсерінен тез тотығады, шайырланады және өзінің иісін өзгертеді.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 20беті
Дәріс кешені	

Эфир майы және эфир-майлардың өсімдіктер

Көптеген өсімдіктердің құрамындағы өте ұшқыш заттарға байланысты спецификалық иісі болады және осы себепті эфир майы деп аталады. Майларға олар тек сыртқы белгілеріне қарай, яғни майлардың консистенциясы мен қағазда тез ұшып кететін «майлар» дақ қалдыруымен ұқсайды. Құрамында эфир майы бар өсімдіктер барлық елдердің дәрілік өсімдіктер номенклатурасында ежелден бері маңызды орын алған келеді. Сонымен қатар, эфир майы халық шаруашылығының басқа да салаларында өсіреле, парфюмериялық, косметикалық мақсатта да кеңінен қолданылады. Фармацевтикалық өндіріспен бірге пайда болып және дами отырып эфир майының өндірісі ағымдағы ғасырдың басында көптеген елдерде өз бетінше дамитын өнеркәсіптік шаруашылыққа айналды.

Эфир майының өсімдікте пайда болуы

Эфир майы өсімдікте көбінесе бос күйінде кездеседі, бірақ кейбір өсімдіктерде гликозидтер күйінде болады және олардың ферментативті ыдырауы нәтижесінде болайды.

Эфир майы өсімдіктің барлық біліктірінде кездеседі бірақ, олардың сандық мөлшері өсімдіктің әр білігінде әр түрлі болады. Өсімдіктің жапырақтары, گүлдері, жемістері мен тамырларында эфир майының ең көп мөлшері түзіледі. Эфир майы өсімдіктің тірі ұлпаларындағы барлық жасушаларында протоплазма мен жасуша сөлінде еріген немесе эмульгирленген күде диффузды таралған, ал кейде (жіңі жағдайда) олар микроскоп арқылы көрінетін ерекше орындарда жиналады. Экзогенді және эндогенді бөліп шығарушы түзінділер деп екіге бөлінеді.

Эфир майы мен эфир-майлардың шикізаттың жіктеу

Эфир майы түрлі органикалық қосылыстардың құрделі табиғи қоспалары болып табылады. Көптеген эфир майының басым қосылыстары болып терпендер саналады. Бұлар негізгі қосылыстар тобына жатады. Сонымен қатар, эфир майында ароматтық қосылыстар басымдылық көрсететін өсімдіктер де бар. Бұл өсімдіктер де медицинада маңызды роль атқарады.

Эфир майының және олардан алынатын шикізаттардың әртүрлілігіне байланысты олардың жіктеу әдістері қызыншылықтар туғызады. Сонымен, эфир майлардың өсімдіктердің олардың құрамындағы терапевтикалық маңызы және негізінен хош иісі бар өсімдіктерге негізделген жіктелуіне қарай пайдалануға болады. Осыларға сүйене отырып эфир майлардың өсімдіктер мен олардың шикізаттарын келесі топтарға бөледі: 1) ациклды монотерпендер; 2) моноциклды монотерпендер; 3) бициклды монотерпендер; 4) сесквитерпендер; 5) ароматтық қосылыстар.

Эфир майында көмірсулар (гептан, ионан және т.б.); спирттер (изоамилды, ундецилды және т.б.); альдегидтер мен кетондар (изовалерианды альдегид, метилгептилкетон және т.б.); қышқылдар (ангеликті және т.б.) болып табылатын ациклды қосылыстар жиі кездеседі.

4. Иллюстрациялық материалдар: кестелер, слайдтар.

5. Әдебиет:

Негізгі әдебиеттер

1. Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 1 бөлім : оку құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 264 бет. с
2. Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 1 бөлім : оку құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 264 бет. с
3. Орынбасарова К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау : оку құралы / К. К. Орынбасарова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет.с.
4. Дәрілік өсімдік шикізатының атласы : оку құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С. Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : New book, 2022. - 232 бет
5. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау. Оку құралы/ Орынбасарова К.К.-Шымкент, 2016

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 21беті
Дәріс кешені	

6. Орынбасарова, К. К. Руководство к лабораторно-практическим занятиям по химии природных лекарственных соединений : учебное пособие / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. - Алматы : TechSmith, 2023. - 280 с

7. Орынбасарова, К. К. Руководство к лабораторно-практическим занятиям по химии природных лекарственных соединений [Текст] : учебное пособие / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. - Алматы : TechSmith, 2024. - 280 с.

8. Орынбасарова К. К. Табиғи дәрілік қосылыстардың химиясы пәнінің зертханалық сабактарына арналған қолданба : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. - Алматы : Newbook, 2022. - 300 бет.

9. Мырзагали-ұлы, Ә. Фармакогнозия. Б.1: оқулық / Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 352 бет.

10. Мырзагали-ұлы, Ә. Фармакогнозия/ Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - 2-ші бас. - Қарағанды : Medet Group, 2018. - 278 б.

11. Фармакогнозия тестовые задания и ситуационные задачи : учеб. пособие / под ред. И. А. Самылиной. - ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Мос. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 288 с.

12. Келімханова, С. Е. Фармакогнозия: практикум / С. Е. Келімханова ; ҚР деңсаулық сақтау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 180 бет. с.

13. Рахманова, Ж. С. Метрология негіздері : оқулық /; ҚР БФМ. - Алматы : Эверо, 2013. - 164 бет. С

Қосымша әдебиеттер

1. Фармакогнозия пәнінің зертханалық-тәжірибелік сабактарына арналған қолданба: оқу құралы / Б. Қ. Махатов [ж. б.] ; ҚР ДСМ; ОҚМФА. –Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.

2. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: фармакогнозия пәні бойынша оқу құралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. –Алматы :Эверо, 2014. – 240 бет. С.

3. Кузьменко, А. Н. Стандартизация лекарственного растительного сырья и растительных сборов методами ионо- эксклюзионной и газо- жидкостной хроматографии: монография. - Алматы : Эверо, 2017. - 120 с.

4. Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям:/ И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. И доп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова. –М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013-264

5. Контроль качества и стандартизация лекарственных средств [Текст] : учебное пособие / под ред. Г. В. Раменской. - ; М-во образования и науки РФ. Рек. ФГАУ "Фед. ин-т развития образования". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2018. - 352 с.

6. Газалиев, А. М. Система обеспечения безопасности и качества лекарственных веществ [Текст] : учебник / А. М. Газалиев, С. К. Кабиева, Л. М. Власова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 372 бет.

7. Саякова, Г. М. Фармакогнозия : учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с.

Электронды басылдыымдар

1. Джангозина Д.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты.Фармакогнозия бойынша оқу құралы – Алматы: «Эверо»баспасы, 2020. – 240 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

2. Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.Қ. Махатов,Ә.Қ.Патсаев, Қ.Қ. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. –Алматы: Эверо, 2020 — 144 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

3. Джангозина Д.М., Лосева И.В., Ивлева Л.П., Дербуш С.Н.Лекарственные растения, лекарственное растительное сырье и некоторые продукты переработки сырья животного происхождения.Учебное пособие по фармакогнозии. Издание второе, доп. Часть II: Лекарственные

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 22беті
Дәріс кешені	

растения и лекарственное растительное сырье, содержащие сердечные гликозиды, сапонины, алкалоиды. — Алматы: издательство «Эверо», 2020.

— 194 с.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/746/

4. Джангозина Д.М., Лосева И.В., Ивлева Л.П., Дербуш С.Н.Лекарственные растения, лекарственное растительное сырье и некоторые продукты переработки сырья животного происхождения. Учебное пособие по фармакогнозии. Издание второе, доп. Часть III: Лекарственные растения и лекарственное растительное сырье, содержащие фенольные соединения и их гликозиды; кумарины, хромоны, лигнаны, антраценпроизводные, флавоноиды, дубильные вещества, биологически активные вещества малоизученного состава и лекарственное сырье животного происхождения. — Алматы: издательство «Эверо», 2020. — 220 с.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/748/

5. Гармонов, С. Ю. Контроль качества и стандартизация лекарственных средств и биологически активных соединений : практикум / С. Ю. Гармонов, С. А. Бахтеев, Я. Р. Валирова. — Казань : Издательство КНИТУ, 2022. — 124 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/129139>.

6. Мухамадиев, Р. А. Анализ фитосборов и других лекарственных форм с измельченными и порошкованными растительными компонентами : учебное пособие. — Кемерово : Кемеровская государственная медицинская академия, 2008. — 92 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/6106>

7. Бакчеева, Р. Ф. Побочные действия и безопасность лекарств. Фармаконадзор : учебное пособие / Р. Ф. Бакчеева. — Самара : РЕАВИЗ, 2009. — 42 с. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: <https://www.iprbookshop.ru/10132>.

6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):

- 1."Терпеноидтар" үғымына анықтама беріңіз.
2. Терпеноидтары бар ДӘШ класификациясы.
3. Қандай дәрілік өсімдіктерде ациклді монотерпеноидтар бар?
4. Қандай дәрілік өсімдіктерде сесквитерпеноидтар бар?
5. «Эфир майлары» түсігіне анықтама беріңіз.
6. Эфир майларын жіктеу негіздері.
7. Эфир майларының негізгі физика-химиялық қасиеттері қандай?
8. Құрамында эфир майлары бар фитопрепараттардың талдауы неге негзделеді?
9. Құрамында эфир майлары бар дәрілік өсімдік шикізат пен олардың препараттарын қалай сақтайды?

Дәріс № 5

1. Тақырыбы: Құрамында алкалоидтары бар дәрілік шикізаттарды стандарттау.
2. Мақсаты: Білім алушыларға фитотерапияда қолданылатын құрамында алкалоидтары бар дәрілік өсімдік шикізаттары мен фитопрепараттарды стандарттау ерекшеліктерімен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

1. «Алкалоидтар» биологиялық белсенді заттар тобы ретінде түсінікке сипаттама беру.
2. Алкалоидтардың жіктелуі.
3. Алкалоидтардың физика-химиялық қасиеттері.
4. Құрамында алкалоидтары бар фитопрепараттарды стандарттау.

Құрамында алкалоидтары бар фитопрепараттарды стандарттау

Алкалоидтар деп, өсімдік ағзасында түзілетін азотқұрамдас табиғи қосылыстарды айтамыз. Бұл қосылыстардың аты оларға тән негізгі қасиетіне байланысты шыққан яғни, алкалоид – сілтіге үқсас дегенді білдіреді.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()
Дәріс кешені	49 беттің 23беті

Қарапайым азотқұрамдас қосылыстар (метиламин, үшметиламин және басқа жәй аминдер), сонымен қатар аминқышқылдары мен олардың өнімдерінің айқын негіздік қасиеттері болғанына қарамастан олар алкалоидтарға жатпайды. Табиғи фармакологиялық белсенді заттардың ішінен алкалоидтар казіргі медицинада жоғары әсерлі дәрілік препараттардың ең көп түрі (10%-дан жоғары) алынатын негізгі топтарға жатады.

Алкалоидтардың физикалық-химиялық қасиеттері және оларды шикізатта анықтау әдістері

Көптеген алкалоидтар таза күйінде қатты қырышықты заттар. Олар әдетте түссіз болады, бірақ кейде боялған болуы да мүмкін (берберин алкалоиды сары түсті) іссіз, ашы дәмді, оптикалық белсенді.

Алкалоидтардың аздаған түрлері (негізінен оттексіз қосылыстар) күшті ұнамсыз ісі бар сұйықтықтар (никотин, кониин және т.б.) су буымен айдалады. Дегенмен, кейбір қырышық оттекті алкалоидтар да (эфедрин) су буымен айдалатыны белгілі.

Алкалоидтар өздері негіз бола тұрып, өсімдіктегі қышқылдармен тұздар тұзеді, ал оларды препаратқа айналдырығанда олар жақсы қырышықтар түзетін және суда ерігіштігін жақсартатын қышқылдармен тұз тұзеді.

Негіздік алкалоидтар әдетте суда ерімейді. Дегенмен, кейбір алкалоидтар негіздік түрде суда жақсы ериді (кодеин 1:150, кофеин 1:80, эфедрин 1:36). Негіздік алкалоидтар этанолда, эфирде, хлороформда, дихлорэтан және басқа да органикалық еріткіштерде жақсы ериді. Керісінше алкалоидтар тұздары органикалық еріткіштерде ерімейді (этанолдан басқа) және суда жақсы ериді.

Әлсіз негіз бола отырып алкалоидтар күйдіргіш сілтілердің, аммиактың, ал кейде карбанаттар мен магний тотығының әсерінен тез ыдырап кететін тұздар тұзеді, бұл кезде алкалоидтардың бос негіздері тұзіледі.

Сапалық реакциялар. Алкалоидтардың дәрілік өсімдік шикізатында бар екендігін дәлелдеу үшін жалпы тұнбаға тұсу реакцияларын ауыр металдар иодидтерімен, кремневольфраммен, фосфорлывольфраммен, пикрин қышқылдарымен және басқа да алкалоидтармен тұнбаға түсетін реактивтермен реакцияларды пайдаланады. Жеке алкалоидтарға спецификалық реакциялар олардың химиялық құрылышы мен молекуласында функционалдық топқа байланысты.

Сапалық реакция жүргізу үшін қышқылданған судың көмегімен сығынды дайындауды да, оны фільтрлейді, фільтратпен алкалоидтарға жалпы тұнбаға түсіру реакцияларын жүргізеді.

Сандық анықтау. Алкалоидтардың сандық мөлшерін анықтау үшін олардың сығындыға толып ауысуын қамтамасыз ететін толық экстракцияны пайдаланады. Алкалоидтардың химиялық құрамының әр түрлілігіне және олардың алғашқы шикізаттағы жағдайына қарай шикізаттың әр түріне және бірдей алкалоидтары бар түрлер тобына сәйкес сығындылау әдістерін қолданады. Сонымен бірге, экстракциялау барысында сығындыға сіріндін тазартуды қынданататын ілеспелі заттардың өтпеуін қадағалайды.

Алкалоидтардың алынған және тазартылған сіріндідегі мөлшерін анықтау үшін алкалоид-негіздерді нейтралдау әдісін пайдаланады. Соңғы жылдары бұл мақсатта физика-химиялық әдістер – фотоэлектроколориметриялық, спектрофотометриялық, поляриметриялық және т.б. әдістер кеңінен қолданыла бастады. Кейбір жеке алкалоидтарды сандық анықтау үшін хромато-спектрофотометриялық әдістер қолданылады.

Алкалоидтарды сандық анықтау әдістері әр шикізат түріне жеке сәйкес қалыпты-техникалық күжатта көрсетілген.

Алкалоидтардың жіктелуі

Алкалоидтарды академик А.П. Орехов жасаған алкалоидтар жіктеуін пайдаланып келтіреміз.

1. Ациклды алкалоидтар және бүйір тізбегіндегі азоты бар алкалоидтар;
2. пирролидинді (I) және пирролизидинді (IV) алкалоидтар;
3. пиридинді және (III) пиперидинді (II) алкалоидтар;

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()
Дәріс кешені	49 беттің 24беті

4. конденсирленген пирролидинді және пиперидинді сақинасы бар алкалоидтар;
5. хинолизидинді (V) алкалоидтар;
6. хинолинді (VI) алкалоидтар;
7. изохинолинді (VII) алкалоидтар;
8. индолды (IX) алкалоидтар;
9. хиназолинді (VIII) алкалоидтар;
10. пуринді (XII) алкалоидтар;
11. дитерпенді алкалоидтар;
12. стериодты алкалоидтар (және гликоалкалоидтар)

Пирролидинді және пирролизидинді алкалоидтар

Алкалоидтардың негізгі өкілі ретінде стахидринде атауға болады. Құрамында стахидрин қатыса отырып өсімдіктің негізгі қасиетін, медицинада қолданылуын анықтайтын өсімдіктер салыстырмалы түрде көп емес. Көбіне стахидрин ілеспелі заттар құрамында кездеседі. Мұндай пирролидинді алкалоидтарға алқалар тұқымдасына жататын гигрин және кускигринді де жатқызуға болады.

Табиғатта екі бесмүшелі сақинадан және ортақ азот атомынан тұратын қаныққан жүйеден тұратын пирролизидин туындылары кең түрде кездеседі.

Пирролизидинді алкалоидтар *Senecio* (Asteraceae) туысына жататын өсімдіктерде жиі кездеседі, сонымен қатар олар *Crotalaria* (Fabaceae) және *Heliotropium* (Boraginaceae) түрлерінде де кездеседі. Бұлар гидролиз барысында алифаттық моно- және дикарбон қышқылдарына (нецин қышқылдары деп аталатындарға) және аминоспирттерге (нецин деп аталатындарға) ыдырайтын күрделі эфирлер. Бұл алкалоидтар тотыққан және тотықсызданған (*N*-тотықтар) күйде кездеседі, мұндағы азот бес валентті.

Жиі кездесетін нециндерге платинецин және ретронецинді жатқызуға болады, бұлар сенецин, сенецифиллин, ангелик, саррацин және басқа да қышқылдармен этерификацияланған.

Монокарбон қышқылдарымен этерификациялау кезінде ашық тізбекті дизэфирлер түзіледі, ал дикарбон қышқылдарымен – циклдық дизэфирлер түзіледі.

Ескерту. Кескін сзықтармен дезаминдеу және декарбоксилдеу процесстері белгіленген; домалақ сзықпен – қос сақинаны конденсирлеу көрсетілген, көлденең сзықтар саны биосинтездің көп сатылығын білдіреді.

Пиридинді және пиперидинді алкалоидтар

Пиридин туындылары табиғатта өте көп тараған. Оларға бірқатар алкалоидтар жатады. Пиридин көптеген дәрілік препараттарды синтездеуге қолданылады.

Пиридин мен оның туындылары 2, 4 және 6 сутегі атомдарын өздеріне қосып алу арқылы тотығып гидропиридинді негіздер түзе алады. Пиперидин аталатын гексагидропиридиннің маңызы өте зор. Бұл өзіне тән ерекше аммиакты иісі бар сұйықтық.

Пиридинді және пиперидинді алкалоидтарға келесі алкалоидтарды жатқызуға болады: Алқалар тұқымдасының өсімдіктері итжидек, мендуана, сасық мендуана, скополия өсімдіктерінде тропан деп аталатын пиперидин және пирролидинді циклдардан тұратын конденсирленген жүйелерден құрылған алкалоидтар бар. Барлық тропанды алкалоидтар екі аминоспирттердің туындыларына жатады. Олар тропты қышқылмен күрделі эфирлер түзетін тропин мен скопиндер.

Тропин, троп қышқылмен этерификациялану арқылы алкалоид гиосциамин (атропин) түзеді (2 үлгі). Табиғи гиосциамин солға айналатын қосылыс, бұл жағдайда ол галенді препараттарға айналады, ал зауыт жағдайында таза күйінде оның белсіндірілмеген рацематын – атропинді сульфат күйінде алады.

Скопин болса троп қышқылмен қосылып скополамин алкалоидын түзеді. Табиғи скополамин солға айналатын қосылысқа жатады. Оның рацематын атросцин деп атайды. Скополаминді гидробромид күйінде алады.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 25беті
Дәріс кешені	

Хинолизидинді алкалоидтар

Хинолизидинді сақинасы бар алкалоидтарға Lupinus туысына жататын өсімдіктерде болатын лупинин жатады, бұған күрделі құрылымды спартеинді алкалоидтарды да жатқызуға болады.

Өсімдіктерде алдымен аминқышқылы лизиннің 2 молекуласынан диальдегидамин түзіледі де, ол лупининнің хинолизидинді құрылымын түзіп тотықсызданды. Бұған лизиннің тағы бір молекуласын қосқанда спартеинді алкалоидтар деп аталатын тетрацикльдіқ қосылыстар түзіледі .

Хинолизидинді алкалоидтар өсімдіктің өте көп түрлерінде, әсіресе соңғы 2-3 он жылдықтағы каталогға енген өсімдіктерде көптеп кездеседі. Олардың біреулерінде нағыз лупининді және спартеинді алкалоидтар кездессе, басқалары бұдан да күрделі құрылымға ие.

Хинолизидинді алкалоидтар

Хинолизидинді сақинасы бар алкалоидтарға Lupinus туысына жататын өсімдіктерде болатын лупинин жатады, бұған күрделі құрылымды спартеинді алкалоидтарды да жатқызуға болады.

Өсімдіктерде алдымен аминқышқылы лизиннің 2 молекуласынан диальдегидамин түзіледі де, ол лупининнің хинолизидинді құрылымын түзіп тотықсызданды. Бұған лизиннің тағы бір молекуласын қосқанда спартеинді алкалоидтар деп аталатын тетрацикльдіқ қосылыстар түзіледі .

Хинолизидинді алкалоидтар өсімдіктің өте көп түрлерінде, әсіресе соңғы 2-3 он жылдықтағы каталогға енген өсімдіктерде көптеп кездеседі. Олардың біреулерінде нағыз лупининді және спартеинді алкалоидтар кездессе, басқалары бұдан да күрделі құрылымға ие.

Стероидты алкалоидтар (және гликоалкалоидтар)

Стероидты алкалоидтар табигатта гликозидтер формасында кездеседі. Соласодин және йервин типті алкалоидтар болып бөлінеді.

Йервин типті қосылыстарда E және F сақиналары конденсацияланып, C және D сақиналары қайта топтандырылған. Көміртегі бөлігі тізбектері (C-3) рамноза, глюкоза, галактоза қалдықтарынан тұрады.

Стероидты алкалоидтарда алкалоидтар мен стероидты сапониндердің қасиеттері үйлескен. Олар беттік-белсенділік және гемолитикалық қасиет көрсетеді, холестеринмен және ұқсас стероидтармен молекулалық қосылыстар түзеді. Сонымен бірге, агликондағы азот атомының болуына байланысты олар негізгі қасиет көрсетеді.

Стероидты алкалоидтар Solanum туысының (алқа тұқымдасы) және Veratrum туысының (лалағулдер тұқымдасы) өсімдіктеріне тән.

4. Иллюстрациялық материалдар: кестелер, слайдтар.

5. Әдебиет:

Негізгі әдебиеттер

1. Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 1 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 264 бет. с

2. Фармакогнозия пәнінің зертханалық – тәжірибелік сабактарына арналған қолданба 1 бөлім : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, З. Е. Ибрагимова, Е. К. Оразбеков. - Алматы : TechSmith, 2023. - 264 бет. с

3. Орынбасарова К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау : оқу құралы / К. К. Орынбасарова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет.с.

4. Дәрілік өсімдік шикізатының атласы : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С. Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : New book, 2022. - 232 бет

5. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау. Оқу құралы/ Орынбасарова К.К.-Шымкент, 2016

6. Орынбасарова, К. К. Руководство к лабораторно-практическим занятиям по химии природных лекарственных соединений : учебное пособие / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. - Алматы : TechSmith, 2023. - 280 с

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()
Дәріс кешені	49 беттің 2ббеті

7. Орынбасарова, К. К. Руководство к лабораторно-практическим занятиям по химии природных лекарственных соединений [Текст] : учебное пособие / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. - Алматы : TechSmith, 2024. - 280 с.

8. Орынбасарова К. К. Табиғи дәрілік қосылыстардың химиясы пәнінің зертханалық сабактарына арналған қолданба : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. - Алматы : Newbook, 2022. - 300 бет.

9. Мырзағали-ұлы, Ә. Фармакогнозия. Б.1: оқулық / Ә. Мырзағали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 352 бет.

10. Мырзағали-ұлы, Ә. Фармакогнозия/ Ә. Мырзағали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - 2-ші бас. - Қарағанды : Medet Group, 2018. - 278 б.

11. Фармакогнозия тестовые задания и ситуационные задачи : учеб. пособие / под ред. И. А. Самылиной. - ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Мос. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 288 с.

12. Келімханова, С. Е. Фармакогнозия: практикум / С. Е. Келімханова ; ҚР деңсаулық сақтау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Қарағанды : ЖЖ "Ақнұр", 2014. - 180 бет. с.

13. Рахманова, Ж. С. Метрология негіздері : оқулық /; ҚР БФМ. - Алматы : Эверо, 2013. - 164 бет. С

Қосымша әдебиеттер

1. Фармакогнозия пәнінің зертханалық-тәжірибелік сабактарына арналған қолданба: оқу құралы / Б. Қ. Махатов [ж. б.] ; ҚР ДСМ; ОҚМФА. –Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.

2. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: фармакогнозия пәні бойынша оқу құралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. –Алматы :Эверо, 2014. – 240 бет. С.

3. Кузьменко, А. Н. Стандартизация лекарственного растительного сырья и растительных сборов методами ионо- эксклюзионной и газо- жидкостной хроматографии: монография. - Алматы : Эверо, 2017. - 120 с.

4. Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям:/ И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. И доп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова. –М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013-264

5. Контроль качества и стандартизация лекарственных средств [Текст] : учебное пособие / под ред. Г. В. Раменской. - ; М-во образования и науки РФ. Рек. ФГАУ "Фед. ин-т развития образования". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2018. - 352 с.

6. Газалиев, А. М. Система обеспечения безопасности и качества лекарственных веществ [Текст] : учебник / А. М. Газалиев, С. К. Кабиева, Л. М. Власова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 372 бет.

7. Саякова, Г. М. Фармакогнозия : учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с.

Электронды басылдыымдар

1. Джангозина Д.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты.Фармакогнозия бойынша оқу құралы – Алматы: «Эверо»баспасы, 2020. – 240 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

2. Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.Қ. Махатов,Ә.Қ.Патсаев, Қ.Қ. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. –Алматы: Эверо, 2020 — 144 б.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

3. Джангозина Д.М., Лосева И.В., Ивлева Л.П., Дербуш С.Н.Лекарственные растения, лекарственное растительное сырье и некоторые продукты переработки сырья животного происхождения.Учебное пособие по фармакогнозии. Издание второе, доп. Часть II: Лекарственные растения и лекарственное растительное сырье, содержащие сердечные гликозиды, сапонины, алкалоиды. – Алматы: издательство «Эверо», 2020. – 194 с.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/746/

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 27беті
Дәріс кешені	

4. Джангозина Д.М., Лосева И.В., Ивлева Л.П., Дербуш С.Н.Лекарственные растения, лекарственное растительное сырье и некоторые продукты переработки сырья животного происхождения. Учебное пособие по фармакогнозии. Издание второе, доп. Часть III: Лекарственные растения и лекарственное растительное сырье, содержащие фенольные соединения и их гликозиды; кумарины, хромоны, лигнаны, антраценпроизводные, флавоноиды, дубильные вещества, биологически активные вещества изученного состава и лекарственное сырье животного происхождения. — Алматы: издательство «Эверо», 2020. — 220 с.
[c.\[https://www.elib.kz/ru/search/read_book/748/\]\(https://www.elib.kz/ru/search/read_book/748/\)](https://www.elib.kz/ru/search/read_book/748/)

5. Гармонов, С. Ю. Контроль качества и стандартизация лекарственных средств и биологически активных соединений : практикум / С. Ю. Гармонов, С. А. Бахтеев, Я. Р. Валитова. — Казань : Издательство КНИТУ, 2022. — 124 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/129139>.

6. Мухамадиев, Р. А. Анализ фитосборов и других лекарственных форм с измельченными и порошкованными растительными компонентами : учебное пособие. — Кемерово : Кемеровская государственная медицинская академия, 2008. — 92 с.— URL: <https://www.iprbookshop.ru/6106>

7. Бакчеева, Р. Ф. Побочные действия и безопасность лекарств. Фармаконадзор : учебное пособие / Р. Ф. Бакчеева. — Самара : РЕАВИЗ, 2009. — 42 с. // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: <https://www.iprbookshop.ru/10132>.

6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):

1. «Алкалоидтар» түсігіне анықтама беріңіз.
2. Алкалоидтарды жіктеу негіздері.
3. Алкалоидтардың негізгі физика-химиялық қасиеттері қандай?
4. Құрамында алкалоидтары бар фитопрепараттардың талдауы неге негзделеді?
5. Биологиялық белсенеліктің қандай түрлері құрамында алкалоидтары бар препараттарға тән?
6. Құрамында алкалоидтары бар дәрілік өсімдік шикізат пен олардың препараттарын қалай сақтайды?

№ 6 Дәріс

1. **Тақырыбы:** Құрамында гликозидтер, иридоидтар, ащы гликозидтер бар дәрілік шикізаттарды талдау және стандарттау.

2. **Мақсаты:** студенттерді фитотерапияда қолданылатын гликозидтер, иридоидтар, ащы дәрілерді стандарттау ерекшеліктерімен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

1. Ащы өсімдіктердің биологиялық белсенелі қосылыстарының тобы ретінде.
2. Гликозидтердің әртүрлі топтарының жіктелуі және физика-химиялық қасиеттері.
3. Гликозидтерді, иридоидтарды, ащы гликозидтерді биологиялық стандарттау әдістері.

Гликозидтер – әртүрлі әсерге ие өсімдіктерден алынған органикалық қосылыстар. Олардың молекулалары екі бөліктен тұрады: агликон деп аталатын қант бөлігі және қанттың Генин немесе агликон. Ферменттердің әсерінен немесе сұйылтылған қышқылдармен қайнатылған кезде гликозидтер ыдырайды. Молекулада қант неғұрлым көп болса, гликозидтер соғұрлым тұрақсыз болады. Соңықтан гликозидті құрамы бойынша тірі өсімдіктер мен дәрілік шикізат әртүрлі болуы мүмкін, өйткені кептіру кезінде кейбір қанттарды бөліп алуға болады.

Гликозидтер – әдетте суда, сұйылтылған спиртте еритін, ащы дәмі бар түссіз кристалды заттар. Боялған гликозидтер сирек кездеседі. Сонымен, гликозидтер, ревень, шырганақтар - антрагликозидтер - қызығылт сары түсті.

Иридоидтар – құрылымында ішінара гидратталған циклопентанпиран жүйесі бар изопреноидтар тобы (C10).

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 28беті
Дәріс кешені	

Физикалық-химиялық қасиеттері. Иридоидтар – түссіз сұйық немесе кристалды (кейде аморфты) заттар, көбінесе суда және тәменгі спирттерде оңай ериді. Алайда, иридоидтар бар, олар суда еріту қын және этилацетатта біршама жақсы. Иридоидтар көбінесе аңыз дәмге ие және өзіне тән қасиетке ие: қышқыл оргата немесе ферменттердің эсерінен ауа оттегі болған кезде көк немесе көк-күлгін түске боялған ерітінділер пайда болады, содан кейін күлгін-қара тұнба түседі. Иридоидты гликозидтері бар өсімдіктер кептіру кезінде қара пигментацияны алады. Бұл оңай тотығатын, полимерленетін және қара қоңыр пигменттерге айналатын агликондарға ферментативті бөліну нәтижесінде пайда болады.

Бөлу. Иридоидтарды оқшаулаудың әмбебап әдісі жоқ. Бұл қосылыстардың гидрофильді қасиеттерін ескере отырып, олар ұсақталған өсімдік материалынан тәмен спирттермен және су-алкоголь ерітінділерімен алынады. Иридоидтарды оқшаулаудың келесі схемасын ұсынуға болады. Метанолдың 50% ерітіндісі экстрагент ретінде ұсақталған шикізаттың ілмегіне құйылады. Органикалық қышқылдарды кетіру үшін сілтілі орта жасаңыз, ол үшін ерітіндігে кальций бикарбонаты қосылады. Экстракцию иридоидов жүргізеді қыздырғанда. Экстракция липофильді заттардан тазарту үшін мұнай эфирінің бөліктерімен өндөлеттін су қалдықтарына дейін вакуум астында қалыннатылады. Фенол қосылыстарын кетіру үшін су ерітіндісі алюминий оксиді бар баған арқылы өтеді. Сулы сұзінді кептіріледі, тұнба этанолда ерітіледі, оған полисахаридтерді, сапониндерді және басқа қосылыстарды тұндыру үшін ацетон құйылады. Тұнба сұзіледі; сұзінді вакуумда шоғырланады және иридоидтарды тұндыру үшін тәмен температурада қалдырылады. Экстракцияларды тазарту және жеке заттардың шығарылуы көбінесе тарату колонна хроматографиясы арқылы жүзеге асырылады.

Сапалы реакциялар және хроматографиялық талдау. ДӨШ-да иридоидтарды анықтау үшін Трим-Хилл реакциясы концентрацияланған қышқылдар ортасында мыс сульфатының ерітіндісімен жиі қолданылады. Бұл реакция жалпы қабылданғанына қарамастан, кейбір иридоидтар онымен анықталмайды. Аналитикалық тәжірибеде сталь реактиві қолданылады, оған терпеноидты табигаттың көптеген заттары әсер етеді.

Өсімдік шикізатындағы иридоидтарды анықтау үшін ЖҚХ әдісі қолданылады. Эр түрлі еріткіш жүйелерді қолданған кезде қоспадағы барлық иридоидтардың бөлінуіне қол жеткізуге болады. Әдетте ЖҚХ үшін этил ацетаты су спирттерімен немесе қышқыл ерітінділерімен бірге қолданылады.

Иридоидтарды сәйкестендіруді физика-химиялық зерттеулердің жиынтығы бойынша жүргізеді: хроматограммалардағы элементтік құрамын, балқу температурасын, қозғалғыштығын анықтау және стандартты үлгілермен салыстыру, УК-, ИК-, ПМР-, ЯМР - және масс-спектрлерді түсіндіру; ацетилдену, сілтілі сабындану, қышқыл және ферменттік гидролиз өнімдерін зерттеу.

Сандық анықтау. ЛРС-дағы иридоидтардың санын жалпы қабылданған физика-химиялық әдістермен анықтауға болады. Алайда, таза аңыларды зерттеген кезде, ең алдымен, аңылық көрсеткіші белгіленеді. Өсімдік шикізатындағы аңыз өсімдік шикізатындағы аңыз концентрацияның шегін хинин гидрохлоридінің стандартты ерітіндісімен салыстыру арқылы анықталады. Аңыз сезімталдықтың шегі-бұл 30 С ішінде аңыз сезінуге мүмкіндік беретін ерітіндінің ең аз концентрациясы. Аңыз көрсеткіш 2000 мл суда 1 г хинин гидрохлориді бар ерітіндідегі аңыз затқа тең бірліктерде көрсетілген.

Аңыз гликозидтер (Amara) - бұл өсімдік, негізінен азотсыз заттар, тәбетті қоздырады және ас қорытуды жақсартады. Аңыз гликозидтер дәмі мен сілекей, өт бездері, панкреатиялық және ақсазан сөлінің белсенделілігін ынталандыру қабілеті эфир майларына ұқсас. Айырмашылығы – аңыз заттар бұл бездердің секрециясын баяу, бірақ күшті және тұрақты түрде арттырады.

Аңыз гликозидтердің жіктелуі, физика-химиялық қасиеттері

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 29беті
Дәріс кешені	

Монотерпен ацы гликозидтері-иридоидты гликозидтер. Иридоидтар-циклопентан-пиран монотерпендер тобы, олардың атауы iridomuptyx құмырсқаларының атауынан шыққан. Ащылар-иридоидтардың туындылары бөлінеді:

* - иридоидтардың өзінде (мысалы, Логан);

* - секо-иридоидтар-ашық циклопентан сақинасы бар иридоидтар (мысалы, секологанин, сверозид).

Жеке топтарға бөлінеді:

- - негізінен гваян қатарындағы лактондармен ұсынылған сесквитерпеноидты ащылар (мысалы, артабсин, ахиллин);

* - валепотриаттармен ұсынылған Валериан тұқымдасының иридоидтары (мысалы, валериозидат).

4. Иллюстрациялық материалдар: кестелер, слайдтар.

5. Әдебиет:

Негізгі әдебиеттер

1. Контроль качества и стандартизация лекарственных средств [Текст] : учебное пособие / под ред. Г. В. Раменской. - ; М-во образования и науки РФ. Рек. ФГАУ "Фед. ин-т развития образования". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2018. - 352 с.
 2. Газалиев, А. М. Система обеспечения безопасности и качества лекарственных веществ [Текст] : учебник / А. М. Газалиев, С. К. Кабиева, Л. М. Власова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 372 бет.
 3. Табиғи дәрілік қосылыстардың химиясы пәнінің зертханалық сабактарына арналған қолданба : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. – Алматы : New book, 2022.-300 б.
 4. Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.1 [Мәтін] : оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 252 бет.
 5. Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.2 [Мәтін] : оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 264 бет. с
 6. Мырзағали-ұлы, Ә. Фармакогнозия. Б.1: оқулық / Ә. Мырзағали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 352 бет.
 7. Мырзағали-ұлы, Ә. Фармакогнозия/ Ә. Мырзағали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - 2-ші бас. - Қарағанды : Medet Group, 2018. - 278 б.
 8. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау. Оқу құралы/ Орынбасарова К.К.-Шымкент, 2016
 9. Фармакогнозия тестовые задания и ситуационные задачи [Текст] : учеб. пособие / под ред. И. А. Самылиной. - ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Мос. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 288 с.
 10. Саякова, Г. М. Фармакогнозия [Текст] : учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с.
 11. Келімханова, С. Е. Фармакогнозия: практикум / С. Е. Келімханова ; ҚР деңсаулық сактау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 180 бет. с.
 12. Орынбасарова К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогно-стикалық талдау : оқу құралы / К. К. Орынбасарова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет.с.
 13. Дәрілік өсімдік шикізатының атласы : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С. Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : New book, 2022. - 232 бет
 14. Рахманова, Ж. С. Метрология негіздері : оқулық /; ҚР БФМ. - Алматы : Эверо, 2013. - 164 бет. С
- Қосымша әдебиеттер**
1. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: фармакогнозия пәні бойынша оқу құралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. –Алматы :Эверо, 2014. – 240 бет. С.
 2. Орынбасарова К. К.Дәрілік өсімдік шикізатының атласы: оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С. Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : Newbook, 2022. - 232 бет.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()
Дәріс кешені	49 беттің 30беті

3. Кузьменко, А. Н. Стандартизация лекарственного растительного сырья и растительных сборов методами ионо-эксклюзионной и газо-жидкостной хроматографии: монография / А. Н. Кузьменко, В. Ю. Решетняк. - Алматы : Эверо, 2017. - 120 с.

4. Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям:/ И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. И доп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова. –М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013-264

5. Орынбасарова К.
 К.Табигидәрліккөсілістардыңхимиясыпәнініңзертханалықсабактарынаарналғанқолданба : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. - Алматы : Newbook, 2022. - 300 бет.

6. Фармакогнозия пәннініңзертханалық-тәжірибеліксабактарынаарналғанқолданба: оқуқұралы / Б. Қ. Махатов [ж. б.] ; ҚР ДСМ; ОҚМФА. –Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.
Электронды басылымдар

1. Мырзағалиұлы Ә., Дүйсембаева Б. Фармакогнозия: оқуқұралы. 2018

2. <https://aknurpress.kz/reader/web/1858>

3. Джангозина Д.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты.Фармакогнозия бойынша оқу құралы – Алматы: «Эверо»баспасы, 2020. – 240б.
https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

4. Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.Қ. Махатов,Ә.Қ.Патсаев, Қ.Қ. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. –Алматы: Эверо, 2020 — 144б.
https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

5. Джангозина Д.М., Лосева И.В., Ивлева Л.П., Дербуш С.Н.Лекарственные растения, лекарст венное растительное сырье и некоторые продукты переработки сырья животного происхождения.Учебное пособие по фармакогнозии. Издание второе, доп. Часть II: Лекарственные растения и лекарственное растительное сырье, содержащие сердечные гликозиды, сапонины, алкалоиды. – Алматы: издательство «Эверо», 2020.– 194
 c.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/746/

6. Джангозина Д.М., Лосева И.В., Ивлева Л.П., Дербуш С.Н.Лекарственные растения, лекарственное растительное сырье и некоторые продукты переработки сырья животного происхождения.Учебное пособие по фармакогнозии. Издание второе, доп. Часть III: Лекарственные растения и лекарственное растительное сырье, содержащие фенольные соединения и их гликозиды; кумарины, хромоны, лигнаны, антраценпроизводные, флавоноиды, дубильные вещества, биологически активные вещества изученного состава и лекарственное сырье животного происхождения. –Алматы: издательство «Эверо», 2020. – 220
 c.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/748/

6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):

1. Ашы гликозидтер бар шикізатты биологиялық стандарттау қалай жүзеге асырылады?
2. Құрамында иридоидтар бар шикізатты және одан алынған препараттарды қолдану жолдары қандай?
3. "Ашы гликозидтер" ұғымына анықтама беріңіз.
4. Иридоидтардың жіктелуі қандай?
5. Гликозидтер өсімдік әлемінде қалай жиі кездеседі?

№ 7 Дәріс

- 1. Тақырыбы:** Құрамында жүрек гликозидтері және сапониндері (стероидты және тритерпенди гликозидтер) бар дәрілік шикізаттарды стандарттау

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 31беті
Дәріс кешені	

2. Максаты: білім алушыларға фитотерапияда қолданылатын өсімдіктердің құрамында жүрек гликозидтері бар дәрілік өсімдік шикізаттары мен фитопрепараттарды стандарттау ерекшеліктерімен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

1. «Жүрек гликозидтері» биологиялық белсенді заттар тобы ретінде түсінікке сипаттама беру.
2. Жүрек гликозидтері деген не? жүрек гликозидтерінің жіктелуі.
3. Жүрек гликозидтерінің физика-химиялық қасиеті.
4. Жүрек гликозидтері Д.Ө.Ш. химиялық құрамы.
5. «Сапониндер» биологиялық белсенді заттар тобы ретінде түсінікке сипаттама беру.
6. Сапониндердің жіктелуі.
7. Сапониндердің физика-химиялық қасиеті.
8. Сапониндердің химиялық қасиеті олардың белсенділігіне қалай әсер етеді?
9. Құрамында сапониндері бар Д.Ө.Ш мен фитопрепараттарды стандарттау.

Құрамында жүрек гликозидтері бар дәрілік өсімдіктер мен дәрілік шикізаттар.

Күлгін оймақтұл – Наперстянка пурпуровая – Digitalis purpurea

Ірігүлді оймақтұл – Наперстянка крупноцветковая –Digitalis grandiflora Mill.

Тұкті оймақтұл – Наперстянка шерстистая – Digitalis lanata

Тотты оймақтұл – Наперстянка ржавая – Digitalis ferruginea

Оймақтұлдің барлық түрлері Сабынкөктер (Scrophulariaceae) тұқымдасына жатады

Комбе строфанты – Строфант Комбе – Strophanthus Kombe

Кендірлер тұқымдасы – Кутровые -Apocynaceae

Көктемгі жанаңғұл – Горицвет весенний – Adonis vernalis

Сарғалдақтар тұқымдасы – Лютиковые - Ranunculaceae

Мамыр меруертгүл- Ландыш майский –Convallaria majalis

Спаржалар тұқымдасы – Спаржевые – Asparagaceae

Шашықты ақбасқурай – Желтушник раскидистый – Erysimum diffusum

Қырық қабаттылар тұқымдасы – Капустные - Brassicaceae

Құрамында жүрек гликозидтері бар дәрілік өсімдіктер мен дәрілік өсімдік шикізаттар

Жүрек гликозидтері – медициналық қатынаста ете маңызды және үлкен табиғи гликозидтердің тобы. Жүрек жетіспеушілікте, оны емдеуде бұл топтан алынған фитопрепараттар жүз жылдықтар бойы ең әсерлі болып табылады

Жүрек гликозидтерінің өсімдіктері табиғатта кеңінен таралған. Олар әлемнің барлық континенттерінде кездеседі. Жүрек гликозидтері өсімдіктің барлық тіршілік формасында жинақталады, олар бұталарда, шырмауықтарда, шөптесін өсімдіктерде таралған. Жүрек гликозидтері сабынкөктер, кендірлер, лалагүлдер, сарғалдақтар, стеркулиялар, тұттар және басқа да тұқымдастарының өсімдіктерінде кездеседі.

Жүрек гликозидтерінде қанттың циклдық формаларының қалдықтары (гликозильді қалдықтар) агликон деп аталатын молекуланың негізгі фармакологиялық белсенді бөлігімен оттегі атомы (0-гликозидтер) арқылы байланысады.

Жүрек гликозидтерінде агликондар циклопентанопергидрофенантрен болып саналады. Сонымен, жүрек гликозидтерінің агликондары табиғи стероидтар болып саналады. С-17 байланысындағы бүйір тізбегінің сипаты бойынша жүрек гликозидтері екі топқа бөлінеді:

карденолидтер– агликондары С-17 байланысында қанықпаған бес мүшелі лактон сақинасы бар гликозидтер;

буфадиенолидтер – агликондары С-17 байланысында алты мүшелі қанықпаған лактон сақинасы бар гликозидтер. Белгілі агликондарда жүрек гликозидтерінде көміртекте әр түрлі орынбасулар болуы мүмкін. Қазіргі кездегі жіктелуі бойынша С-10 байласындағы метил тобы бар

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()
Дәріс кешені	49 беттің 32беті

карденолидтер (дигиталис типі); С-10 байланысында альдегид тобы бар карденолидтер (строфант типі); кейде С-10 спиртті тобы бар карденолидтер кездеседі.

ОН-тобы барлық кезде С-3 және С-14-те, ал кейбір қосылыстарда С-5 немесе С-16 болуы мүмкін. С-13-те әдетте, СН₃ тобы болады.

Қант компонентінің құрамында 45 әртүрлі моносахаридтер табылған. Олардан D-глюкоза, D-фукоза, D-ксилоза және D-рамноза өсімдік әлемінде кеңінен таралған. Қалған моносахаридтер (D-глюкометилоза, D-дигиталоза, D-дигитоксоза және т.б.) әзірге тек жүрек гликозидтерінде табылған. Жүрек гликозидтерінің қанттарына тән қасиет, олардың көпшілігінде оттегі жетіспейді, олар дезоксиқанттар мен олардың метилді эфирлері түрінде кездеседі. С-3 байланысында агликон молекуласына (генин) қосылатын моносахаридтер санына қарай монозидтер, биозидтер, триозидтер, тетразидтер болып бөлінеді. Дезоксиқанттар генинге тікелей байланысқан; ал қалған моносахаридтер қант компоненттерінің сонына қосылған. Қант молекулалары бірнешеу болған кезде олар тізбектеліп байланысады.

Гениндердің әр түрлілігі, олардың мөлшерінің көптігін, табиғаты мен оларға моносахаридтердің байланысу сипаттын, өсімдіктерде кездесетін жүрек гликозидтерінің әр түрлілігін көрсетеді. Жүрекке спецификалық әсер ету генинге байланысты бірақ қанттар гликозидтердің ерігіштігіне, олардың сінірлігіне әсер ете отырып оны қүшайте түседі. Жүрек гликозидтерінің гениндерінің стероидты құрылышын анықтай отырып, олардың құрылышының табиғи маңызды қосылыстарға жататын өт қышқылдарының, холестериннің, жыныс гормондарының, D-дәруменінің құрылышына өте жақын екендігі белгілі болды. Бұл жағдай жүрек гликозидтерінің өсімдік ағасында түзілу процесі туралы түсінікті жеңілдепті.

Өсімдіктерде скваленнен оның молекулаларының ұйысуына байланысты фитостериндер түзіледі; көбірек таралғандарға β-ситостериндер жатады. Жүрек гликозидтерінің екі типі де β-ситостериннен С-17-бүйір тізбегінің құрылышының өзгеруіне байланысты түзеледі деген болжам бар.

Жүрек гликозидтері өсімдіктерде түзілуі мен таралуына вегетация фазалары мен ауа райының жағдайы әсер етеді. Соңдықтан да өсімдіктердің құрамында жүрек гликозидтері бар түрлерін тек құрғақ, ашық ауда жүргізеді. Құрамындағы гликозидтердің тұрақсыздығына байланысты жиналған шикізатты тез арада кептіруге жіберу керек. Кептіруді кептіргіштерде 60-70°C ферменттердің белсенделілігін бәсендегу үшін жүргізеді. Кептірілген шикізатты құрғақ жерлерде сақтау керек, себебі ылғалды аудан ферменттер белсенді құйге ауысып гликозидтерді гидролизге ұшыратады, жүрек гликозидтерін бөлу кезінде өсімдіктерде гликозидтер 10-30-ға дейінгі жақын қосылыстардан тұратын комплекс күйінде болатынан ескерген жөн. Сонымен бірге, өсімдікте стероидты құрылыштағы басқа да заттар тобы, яғни сапониндер болуы мүмкін. Сапониндер жүрек гликозидтерінің ерігіштігін нашарлатып коллоидты ерітінділер түзеді де, олардың бөлінуін нашарлатады.

Жүрек гликозидтері pH ортасың өзгергіштігіне өте сезімтал. Сілтілі ортада олар физиологиялық белсендерілмеген изоқосылыстарға айналады. Қышқылды ортада гликозидтер оңай гидролизденеді. Көптеген агликондар аудағы оттегінің әсерінен тотығады. Жоғары температурада жүрек гликозидтері ыдырауға ұшырайды. Аталған қасиеттерін гликозидтердің алыну әдісін таңдаған кезде ескеру жөн. Әдетте, екі әдісті қолданады. Бірінші жағдайда гликозидтерді өзгермеген қалпында алу үшін ферменттердің әсерін болдырмайды. Екінші жағдайда керісінше, қант қалдықтарына бай гликозидтерді ферментативті ыдырауға ұшырату нәтижесінде оңай кристалданатын моногликозидтер алынады.

Жүрек гликозидтерін алудың бірінші сатысында оларды өсімдік шикізаттарынан экстракциялайды. Оны Сокслет аппаратында хлороформ мен этанол қоспасымен (9:1) жүргізеді. Бұдан ары хлороформды вакуумда құрғақ етіп айдайды да құрғақ қалдықты этанолда ерітеді, ерітіндіні сумен ерітіп, қорғасынның негізгі ацетатының сулы ерітіндісін қосу арқылы ілеспелі

OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 33беті
Дәріс кешені	

заттарды тұнбаға түсіреді. Тұндыру арқылы тұнбаны бөлгеннен кейін, фильтраттан натрий сульфатының көмегімен қорғасынның артық мөлшерін алады. Гликозидтер жынытығынан тұратын мөлдір ерітінді алады.

Курделі де қын тапсырманың бірі жүрек гликозидтерінің комплексін жеке қосылыстарға бөлу. Мұны хроматографияның түрлі әдістерін пайдалана отырып жасауға болады. Гликозид молекуласын ыдыратып қантты компонент пен агликон бөліп алады. Гидролиздеу үшін ферменттерді пайдаланады бұл кезде молекуланың бүкіл қомірсулы бөлігінен біртіндеп қанттарды немесе қышқылдарды бөліп алады.

Карденолидтердің дәрілік шикізатта бар екендігін дәлелдеу мақсатында бесмүшелі қанықпаған лактон сақинасына сапалы реакциялар ұсынылған: 1) Балье реакциясы. Пикрин қышқылының сілті ерітіндісімен жүргізіледі; карденолидтердің бар екендігін сыналатын сіріндінің қызығылт-сары-қызыл түсінен байқауға болады. Оң реакцияны басқа да молекуласында қанықпаған бесмүшелі лактон сақинасы бар қосылыстар береді; 2) Легаль реакциясы. Натрий нитропруссидінің сілтілі ерітінділерімен сыналатын сірінді қызыл түске боялады. Бұл реакция да спецификалық реакциялар қатарына жатпайды. Дұрыс нәтижелерді стероидты циклға, дезоксиқантқа, бесмүшелі лактон сақинасына бірнеше реакцияларды үйлестіре жасай отырып анықтауға болады.

Жүрек гликозидтері – әртүрлі миокард дистрофиясына байланысты жүрек жетіспеушілігін емдеу үшін қолданылатын кардиотониялық әсері бар өсімдік текті заттар.

Жүрек немесе кардиотониялық стероидты гликозидтер 12 тұқымдас, 45 ботаникалық туыс өсімдіктердің құрамында табылған.

Медициналық тәжірибеде келесі жүрек гликозидтерінен алынған препараттарды кеңінен қолданады:

Күлгін оймақгүл- «Дигитоксин»,
 Тұкті оймақгүл - «Дигоксин»,
 Комбе строфанты – «Строфантин К»,
 Мамыр меруертгүлі – «Конваллятолксин»,
 Көктемгі жанаргүл – «Адонизид».

Жүрек гликозидтері агликон деп аталатын молекуланың негізгі бөлігі қанттармен арқылы байланысқан табиғи гликозидтерге жатады. Жүрек гликозидтерінің агликондары стероидты қосылыстарға жататын пергидроциклопентафенантрен туындысы.

Агликондарының құрылышына қарай жүрек гликозидтерін екі топқа бөледі:

1) Қанықпаған бесмүшелі лактонды сақинасы альдегидті (-HC =O), және (-CH₂-OH) спиртті немесе метилді (-CH₃) топтары бар - *карденолидтер* (оймақгүл тобы);

2) Қанықпаған алтымүшелі сақинасы бар – *буфадиенолидтер* (теңіз пиязы).

Молекуланың қомірсу бөлігі агликонның гидроксилі тобымен байланысқан 1 ден 5-ке дейін моносахаридтар кіруі мүмкін болатын тізбектен тұрады. Кәдімгі моносахаридтерден (глюкоза, галактоза, рамноза, ксилоза және т.б.) басқа жүрек гликозидтерінің молекуласында дезоксисахарлар (дигитоксоза, цимароза және т.б.) кездеседі.

Жүрек гликозидтерінің кардиотониялық эффекті негізінен агликондарға байланысты, бірақ көбіне қанттар, олардың саны, қомірсу бөлігінің құрылышы да жүрек гликозидтерінің әсерінің ұзақтығын, жылдамдығын, фармакологиялық қасиетін, олардың ағзада жинақталуға бейімділігін анықтайды.

Кардиотониялық заттардың белсенделілігі және олардың улылығы жүрек гликозидтерінің құрамына байланысты. Дәрілік өсімдік шикізатындағы және препараттындағы жүрек гликозидтерінің мөлшерін биологиялық стандарттау әдісімен (белсенделілікті бағалауды жануарларда жүргізеді) анықтайды. Зерттеу әдісі «әсер бірлікпен» өлшенетін белгілі белсенделілігі бар стандартты препаратты зерттелетін үлгімен салыстыруға неізделеді. Биологиялық стандарттау әдісі жүрек гликозидтерінің жануарларда систолада жүрек тоқтатуын туғызуына негізделген.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 34беті
Дәріс кешені	

Олардың белсенділігін бақада (бақалық әсер бірлігі - БӘБ), мысықта (мысықтық әсер бірлігі-МӘБ), және басқа жануарларда анықтайды. 1 БӘБ – салмағы, жынысы, жасы бойынша стандартты бақаларда систолиялық жүрек тоқтауын туғызатын жүрек гликозидтерінің ең аз мөлшері.

Жүрек гликозидтерінің басты қасиеті жүрекке таңдал әсер етуі. Олар жүректің үнемді және тиімді қызметін қамтамасыз ете отырып, миокардтың жұмыс істеу қабілетін арттырады. Жүрек гликозидтері систоланы күштейтеді (оң инотропты әсер). Систолалық жиырылу тез және қуаттырақ бола түседі.

Жүрек гликозидтерінің әсерінен жүрек ырғағының жиілеу фонинда жүрек жұмысы күштейеді (теріс хронотропты әсер) және диастола ұзарады. Осының барлығы жүрек жұмысының тәртібін тиімді етеді.

Жүрек гликозидтерінің әсерінен бүйрек жұмысы қалыпқа келеді, диурез күштейеді.

Жүрек гликозидтері белсенділігі бойынша едеуір ерекшеленеді, мұнымен олардың емдік қасиеті дазаға, дәріні енгізу жолына, химиялық құрылышына, байланысты және бірнеше көрсеткіштермен сипатталады:

1. Кардиотониялық әффекттің даму жылдамдығы:

строфант (макс.) > меруертгүл > оймақгүл (мин);

строфантин > конваллотоксин > целанид > дигоксин > дигитоксин.

2. Кардиотониялық әсердің ұзақтығы:

күлгін оймақгүл (2-3 апта) > тұкті оймақгүл (3-6 тәулік) > строфант > жанаргүл > меруертгүл

3. Кумуляцияға бейімділік:

оймақгүл (макс) > жанаргүл > меруертгүл > строфант (мин)

дигитоксин > дигоксин > целанид > строфантин

4. Асқазанда сінуі:

оймақгүл (жақсы) > жанаргүл > строфант > меруертгүл(асқазанда ыдырайды).

Жүрек гликозидтері әффекттің басталу жылдамдығына, оның ұзақтығына және әсер ету күшіне қарай 3 топқа бөлінеді:

1. Күшті, тез және салстырмалы қысқа әсер ететін жүрек гликозидтері (строфант тобы) – строфант және меруертгүл препараттары;

2. Күшті, баяу және ұзақ әсер ететін жүрек гликозидтері (оймақгүл тобы);

3. Күші орташа және әсері ұзақ жүрек гликозидтері (жанаргүл тобы).

Жүрек гликозидтерін сінуіне байланысты ағзаға әртүрлі жолмен енгізеді:

а) энтералды – оймақгүл («Дигитоксин», «Дигоксин») және жанаргүл препараттары;

б) көктамырға – строфант («Строфантин К») және меруертгүл («Коргликон») препараттары;.

Жүрек гликозидтерінің көбіне кумуляцияға бейімділігі айқын оймақгүл препараттарын қолданғанда дозасын жоғартлатқанда токсикалық әффекті көрсетуі мүмкін. Мұндай жағдайда әртүрлі аритмиялар туды. Оймақгүл препараттарымен уланғандағы ең көп өлім себебі - жүрек қарыншасының жыпылықтауы. Жүрек гликозидтерінің дозасы жоғарлауының белгілері – шаршағыштық, бұлшық ет әлсіздігі, диспепсиялық жағдайлар (жүрек айну, диарея, зәрдің көп бөлінуі, құсу), психикалық өзгерістер (қозу, галлюцинация), бас ауруы, тері бөртуі.

Құрамында сапониндері бар фитопрепараттарды стандарттау

Сапониндер деп, химиялық құрылышы жөнінен гликозидтерге жататын жоғары беттік белсенділік көрсететін және салқынқандыларға гемолитикалық және улы әсер ететін табиғи қосылыстардың үлкен тобын атайды. Бұлар суда тез еритін түссіз заттар. Олардың сулы ерітінділері мен сыйындыларын шайқағанда ұзақ сақталатын тұрақты көбік пайда болады олардың сапониндер деп аталуы да осы қабілетіне байланысты.

- Химиялық құрылышы мен қасиеттері

- Стероидтар табиғи қосылыстардың кең тобын құрайы. Стероидты сапогениндердің құрылыш ерекшелігіне С-16, ал кейде 1, 2,5 және 12 байланысындағы оттегінің болуын жатқызуға болады.

OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 35беті
Дәріс кешені	

• Сапониндер ерітілген этанол мен метанолда салқын жағдайда ериді, ал жоғары спирттерде қызыдыру арқылы ериді, салқыннату барысында тұнбаға түседі, эфирде, хлороформда, ацетонда, бензинде және басқа органикалық еріткіштерде ерімейді.

• Олардың көпшілігінің бүйір тізбегіндегі 8 көміртегі атомы мен 16-ОН топтарының тотығуының нәтижесінде түзілетін спирокетальды топтары болады. Көптеген сапогениндердің 5, 6 көміртегі атомында қос байланыстар бар. Спирокетальды сақинаның орналасу орнына байланысты стероидты сапогениндер /қалыпты/ қатардағы және /изо/ қатардағы қосылыстар болып бөлінеді.

• Стероидты сапониндер жылықандыларға улы әсер етпейді, ал салқынқандыларды, мысалы балықты өлтіреді. Бұл қасиетін ертеректе, ал,ашкы қауым адамдары балық аулауға қолданған. Стероидты сапониндерді стероидты гормондар алу үшін маңызды, әрі арзан алғашқы өнім көзі ретінде пайдаланады.

• Сапониндер деп - химиялық құрылышы жөнінен гликозидтерге жататын жоғары беттік белсенделік көрсететін және салқынқандыларға гемолитикалық және улы әсер ететін табиғи қосылыстардың үлкен тобын атайды. Бұлар суда тез еритін түссіз заттар.

Сапалық реакциялар.

Карбон қышқылдарымен мен эфир түзетін молеклалары три терпендерді сапониндер сілтілермен оңай сабындалады. Қышқылды три терпендер екі және ковалентті металдармен тұз түзеді. Бұл қасиеті мырыш ацетатымен, барий, магний гидроксидімен тұнба тұзу реакцияларына негізделген. Көптеген сапониндер стериндермен, таниндермен және ақуыздармаен молеклалық кешен түзеді. Мембрана холестеринімен кешенді тұзу нәтижесінде эритроциттер қабықшалары жартылай өткізгіштен өткізгіштік қабілетке ие болады, және де қанның гемоглобині қан плазмасына өтіп оны қызыл түске бояйды («лакты қан»). Суық қандыларға улы әсері сапониндерге осы қасиеті негізделген.

Сандық талдау.

Сапониндерді физико-химиялық талдау әдістеріне гравиметриялық, титриметриялық, флуорометриялық, спектрофотометриялық әдістер қолданылады.

4. Иллюстрациялық материалдар: кестелер, слайдтар.

5. Эдебиет:

Негізгі әдебиеттер

1. Контроль качества и стандартизация лекарственных средств [Текст] : учебное пособие / под ред. Г. В. Раменской. - ; М-во образования и науки РФ. Рек. ФГАУ "Фед. ин-т развития образования". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2018. - 352 с.
2. Газалиев, А. М. Система обеспечения безопасности и качества лекарственных веществ [Текст] : учебник / А. М. Газалиев, С. К. Кабиева, Л. М. Власова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 372 бет.
3. Табиғи дәрілік қосылыстардың химиясы пәнінің зертханалық сабактарына арналған қолданба : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. – Алматы : New book, 2022.-300 б.
4. Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.1 [Мәтін] : оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 252 бет.
5. Тоқсанбаева, Ж. С. Фармакогнозия. Т.2 [Мәтін] : оқулық / Ж. С. Тоқсанбаева, Т. С. Серікбаева, К. К. Патсаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 264 бет. с
6. Мырзагали-ұлы, Ә. Фармакогнозия. Б.1: оқулық / Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 352 бет.
7. Мырзагали-ұлы, Ә. Фармакогнозия/ Ә. Мырзагали-ұлы, Б. Дүйсембаева. - 2-ші бас. - Қарағанды : Medet Group, 2018. - 278 б.
8. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогностикалық талдау. Оқу құралы/ Орынбасарова К.К.-Шымкент, 2016

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()
Дәріс кешені	49 беттің 3ббеті

9. Фармакогнозия тестовые задания и ситуационные задачи [Текст] : учеб. пособие / под ред. И. А. Самылиной. - ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Мос. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 288 с.

10. Саякова, Г. М. Фармакогнозия [Текст] : учебник / Г. М. Саякова, У. М. Датхаев, В.С. Кисличенко. - М. : "Литтерра", 2019. - 352 с.

11. Келімханова, С. Е. Фармакогнозия: практикум / С. Е. Келімханова ; ҚР деңсаулық сақтау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 180 бет. с.

12. Орынбасарова К. К. Дәрілік өсімдік шикізаттарын фармакогно-стикалық талдау : оқу құралы / К. К. Орынбасарова. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 308 бет.с.

13. Дәрілік өсімдік шикізатының атласы : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С. Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : New book, 2022. - 232 бет

14. Рахманова, Ж. С. Метрология негіздері : оқулық /; ҚР БФМ. - Алматы : Эверо, 2013. - 164 бет. С Қосымша әдебиеттер

1. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаттары: фармакогнозия пәні бойынша оқу құралы / Джангозина Д. М. [ж. б.]. –Алматы :Эверо, 2014. – 240 бет. С.

2. Орынбасарова К. К.Дәрілік өсімдік шикізатының атласы: оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Т. С. Ибрагимов, З. Е. Ибрагимова. - Алматы : Newbook, 2022. - 232 бет.

3. Кузьменко, А. Н. Стандартизация лекарственного растительного сырья и растительных сборов методами ионо- эксклюзионной и газо- жидкостной хроматографии: монография / А. Н. Кузьменко, В. Ю. Решетняк. - Алматы : Эверо, 2017. - 120 с.

4. Фармакогнозия. Рабочая тетрадь к практическим занятиям:/ И. В. Гравель [и др.]; под ред. И. А. Самылиной ; М-во образования и науки РФ. – 2-е изд., испр. И доп ; Рек. ГОУ ВПО Московская мед. Акад. Им. И. М. Сеченова. –М. : ГЭОТАР – Медиа, 2013-264

5. Орынбасарова К. Табиғидәрілікқосылыстардыңхимиясыпәнініңзертханалықсабактарынаарналғанқолданба : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. - Алматы : Newbook, 2022. - 300 бет.

6. Фармакогнозия пәнініңзертханалық-тәжірибеліксабактарынаарналғанқолданба: оқуқұралы / Б. Қ. Махатов [ж. б.] ; ҚР ДСМ; ОҚМФА. –Шымкент : Б. ж., 2013. – 328 бет.

Электронды басылымдар

1. Мырзагалиұлы Ә., Дүйсембаева Б. Фармакогнозия: оқуқұралы. 2018

2. <https://aknurpress.kz/reader/web/1858>

3. Джангозина Д.М. м.ғ.д. Дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты.Фармакогнозия бойынша оқу құралы – Алматы: «Эверо»баспасы, 2020. – 2406. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/742/

4. Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер: оқулық / Б.Қ. Махатов,Ә.Қ.Патсаев, Қ.Қ. Орынбасарова, Ж.С. Тоқсанбаева, Ж.А. Қадишаева. –Алматы: Эверо, 2020 — 1446. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/794/

5. Джангозина Д.М., Лосева И.В., Ивлева Л.П., Дербуш С.Н. Лекарственные растения, лекарст венное растительное сырье и некоторые продукты переработки сырья животного происхождения.Учебное пособие по фармакогнозии. Издание второе, доп. Часть II: Лекарственные растения и лекарственное растительное сырье, содержащие сердечные гликозиды, сапонины, алкалоиды. – Алматы: издательство «Эверо», 2020.— 194 с.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/746/

6. Джангозина Д.М., Лосева И.В., Ивлева Л.П., Дербуш С.Н.Лекарственные растения, лекарственное растительное сырье и некоторые продукты переработки сырья животного происхождения.Учебное пособие по фармакогнозии. Издание второе, доп. Часть III: Лекарственные растения и лекарственное растительное сырье, содержащие фенольные соединения и их гликозиды; кумарины, хромоны, лигнаны, антраценпроизводные, флавоноиды, дубильные вещества,

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 37беті
Дәріс кешені	

биологически активные вещества малоизученного состава и лекарственное сырье животного происхождения. —Алматы: издательство «Эверо», 2020. — 220

c.https://www.elib.kz/ru/search/read_book/748/

6. Бақылау сұрақтары (көрі байланыс):

1. Карденолидтер мен буфадиенолидтердің химиялық құрылышы, өсімдік әлемінде таралуы.
2. Жүрек гликозидтерінің химиялық қасиеті олардың белсенделілігіне қалай әсер етеді?
3. Құрамында жүрекгликозидтері бар Д.Ө.Ш.биологиялық стандарттау.
4. Стандарттар.Әсер ету бірлігі.
5. Шикізатын және олардан алынатын препараттарды қолдану әдістері.
- 6.Жүрек гликозидтерінің химиялық қасиеті олардың белсенделілігіне қалай әсер етеді?
7. Жүрек гликозидтерінің шикізатта бар екендігін қалай дәлелдейміз?
8. Сапониндер» түсігіне анықтама беріңіз.
9. Сапониндерді жіктеу негіздері.
10. Сапониндердің негізгі физика-химиялық қасиеттері қандай?
11. Құрамында сапониндер бар фитопрепараттардың талдауы неге негзделеді?
12. Биологиялық белсенделіліктің қандай түрлері құрамында сапониндері бар препараттарға тән?
13. Құрамында сапониндерді бар дәрілік өсімдік шикізат пен олардың препараттарын қалай сақтайды?

Дәріс № 8

1. Тақырыбы: Құрамында фенол қосылыстары (фенолгликозидтер, лигнандар, кумариндер және хромондар) бар дәрілік шикізаттарды талдау және стандарттау.

2. Мақсаты: Білім алушыларға фитотерапияда қолданылатынқұрамында фенолды қосылыстары бар фитопрепараттарының стандарттау ерекшеліктерімен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

1. Фенолды қосылыстар туралы негізгі түсініктер.
2. Фенолды қосылыстардың жіктелуі.
3. Құрамында фенолгликозидтер мен лигнандары бар фитопрепараттарды стандарттау.
4. Құрамында кумариндер мен лигнандары бар фитопрепараттарды стандарттау.

Фенол қосылыстары деп, құрамындағы ароматты сақинасында гидроксил тобы және оның функционалды туындылары бар қосылыстарды айтады. Ароматты сақинасында біреуден жоғары гидроксил тобы бар фенол қосылыстарын полифенолдар деп атайды. Табиғи өсімдік текстес фенолды қосылыстар санының өте көп және олардың қызметінің алудан түрлілігі сонша оларды зерттеу жұмыстары көп еңбек етуді талап етеді.

Соңғы кездері белгілі болғандай барлық дерлік полифенолдар жасушадағы алмасудың белсенде метаболиттері бола отырып, түрлі физиологиялық процесстерде – фитосинтезде, тыныс алууда, дамуда өсімдіктердің инфекциялық ауруларға тұрақтылығында үлкен маңызды роль атқарады. Полифенолдардың өсімдік тіршілігіндегі маңызды ролін олардың өсімдіктерде таралуынан білуге болады. Бұлардың ең көп бөлігі белсенде жұмыс жасайтын органдар – жапырақтарда, ғұлдерде (ғұлдерге әртүрлі өн береді), жемістерінде, бүршіктерінде қорғаушы қызметін атқаратын жабындық ұлпаларда кездеседі. Түрлі органдар мен ұлпалар ондағы полифенолдардың санымен ғана емес сапасымен де ерекшеленеді.

Дәрілік өсімдіктердегі барлық фенол қосылыстары көмірсулар мен олардың өзгеріске ұшыраған өнімдерінен түзіледі де биосинтез процессинің барысында шикиматты жолды жүріп етеді. Фенол қосылыстарының түрлі топтарының биогенетикалық өзара байланыстара туралы төмендегі 10-шы үлгіден көруге болады.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-() 49 беттің 38беті
Дәріс кешені	

Жоғарыда көлтірілген үлгіден фенол қосылыстарының көптеген топтарының (сонымен қатар флавоноидтар мен кумариндердің және т.б.) биосинтезі аминқышқылдары – L-фенилаланин және L-тирозиндерден басталатынын көруге болады. Үлгіде сонымен қатар кейбір дәрумендердің (К, токоферолдар) түзілу орны да көрсетілген.

Фенолды қосылыстардың жіктелуі негізгі көміртекті қаңқа – ароматты сақиналар саны мен бүйір тізбегіндегі көміртегі атомына байланысты тұрғызылады. Осы белгілеріне қарай фенолды қосылыстар мына топтарға бөлінеді:

- Жәй фенолдар, окси-, диокси-, үшоксибензолдар –C₆
- Фенолқышқылдары –C₆–C₁
- Фенолспиртер, фенилсірке қышқылдары, ацетофеноңдар –C₆–C₂
- Оксикорич қышқылдары, кумариндер, хромондар –C₆–C₃
- Лигнандар –(C₆–C₃)₂
- Антрацен туындылары –C₆–C₂–C₆
- Флавоноидтар –C₆–C₃–C₆
- Илік заттар –(C₆–C₃–C₆)_n

Жәй фенолдар

Жәй фенолдар өсімдіктерде жиі кездеспейді және олардың өсімдікте таралуын систематика тұрғысынан қарағанда хаотикалық деп саналады. Фенолдың өзін Pinus silvestris инелері мен бүрлөрінен, Ribes nigrum, Nicotiana tabacum жапырақтарының эфир майынан, Evernia prunastri қынасынан және т.б.тапқан. Пирокатехин (1,2-диоксибензол) қылша жапырақтарынан, пияздың қабағынан, грейпфрут жемістерінен табылған.

Көбірек таралған қосылысқа гидрохинонды (1,4-диоксибензол) жатқызуға болады. Оның гликозиді арбутинді келесі тұқымдастар өкілдерінен кездестіруге болады, олар: Ericaceae (Arctostaphylos, Rhododendron); Vacciniaceae (Vaccinium); Rosaceae (Pyrus, Docynia); Saxifragaceae (Bergenia); Asteraceae (Xanthium).

Гидрохинонның метилді және этилді эфирлері Pyrolaceae – Pyrola; Liliaceae – Hyacinthus; Magnoliaceae – Illicium тұқымдастарында табылған.

Үшоксибензолдардан өсімдіктерде флороглюцин (1,3,5-триоксибензол) кездеседі. Бос күйінде ол Sequoia sempervirens бүрлөрінде және Allium сера қабығында, ал фlorin гликозиді күйінде Citrus тұрларынан жемістерінің жемісаралағында кездеседі. Мұнда нағыз усасырлар ерекше орын алады. Бұл тұқымдастар өсімдіктерінде флороглюцидтер деп жалпы аталатын флороглюциндердің едәүір мөлшері жинақталған. Олардың молекула құрамында флороглюциннен басқа (көбіне метилденген) майлы қышқылдар да болады.

Құрамында кумариндері бар фитопрепараттарды стандарттау

Кумариндер деп, негізіне циклдық ортооксикорич қышқылы (бензо-α-пирон) болып табылатын кумарин скелеті жататын табиғи қосылыс. Табиғи кумариндер келесі жеті топқа бөлінеді.

1. Кумарин, изокумарин, дигидрокумарин және мелилотозид (кумариннің гликозиді).
2. Окси-, метокси (алкокси)- және метилендиоксикумариндер. Орынбасарлары бензол және пирон сақинасында немесе екі сақинада бірдей болуы да мүмкін.
3. Фурокумариндер немесе кумарон-α-пирон. Бұл қосылыстар фуран сақинасы мен кумариннің 6, 7-орнындағы (псорален туындылары) немесе 7, 8-орнындағы (ангелицин туындылары) сақинасымен конденсацияның нәтижесінде түзілетін қосылыстар. Бұл жағдайда орынбасарлары үш сақинада да болуы мүмкін.
4. Пиранокумариндер немесе хроменопирондар. Бұлар кумарин мен 2, 2-диметилпиранның 5,6; 6,7 немесе 7,8 орнындағы жағдайымен және барлық сақинадағы орынбасарларымен конденсациясы.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармакогнозия кафедрасы	044/66-11-()
